ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

6 қыркүйек 2024 жыл № 3115-24-00-2/1968 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.М.Тажиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің «Ақбұлақ» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Ерболат» шаруа қожалығы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Айыппұл сомасын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Тараптардын қатысуынсыз
Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы АПК-нің 147, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

Ш Е Ш І М Е Т Т І :

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің «Ақбұлақ» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны жауапкер «Ерболат» шаруа қожалығын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұл сомасын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Ерболат» шаруа қожалығы мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп танылсын.

«Ерболат» шаруа қожалығынан «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданы білім бөлімінің «Ақбұлақ» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынныңпайдасына 176 (бір жүз жетпіс алты) теңге айыппұл сомасы өндірілсін.

«Ерболат» шаруа қожалығынан мемлекет пайдасына 1 851 (бір мың сегіз жүз елу бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 06.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 15.10.2024, судья Тажиева Г. М., 15.10.2024

Судья: Г.М.Тажиева

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 06.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 15.10.2024, судья Тажиева Г. М., 15.10.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»